

**Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округі әкімінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 2 "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округінің аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округі әкімінің 2014 жылғы 15 мамырдағы № 3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 мамырда № 3535 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округі әкімінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 11 шешімімен

**Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округі әкімінің 11.12.2014 № 11 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы", 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа алып, Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округі әкімінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 2 "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округінің аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3134 тіркелген, 2013 жылғы 12 қаңтардағы "Серпін" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
"Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы";  
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ селолық округінің аумағында ірі қара малдар арасында бруцеллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақбұлақ селолық округ әкімі аппаратының бас маманы М. Зулкашеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Округ әкімі*

*С. Уржанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК